

Активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу, инвестициялық міндеттемелерді орындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 593 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1177 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 24-1-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу, инвестициялық міндеттемелерді орындау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

1 3

м а у с ы м д а ғ ы

N 5 9 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу, инвестициялық міндеттемелерді орындау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу, инвестициялық міндеттемелерді орындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мемлекеттік меншікке иелік етуге (бұдан әрі - Конкурсты ұйымдастырушы) уәкілеттік берген органның активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау жөніндегі қызметтерге мемлекеттік сатып алуды, инвестициялық міндеттемелерді орындауды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде Заңда және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қазандағы N 1158 қаулысымен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ережесінде белгіленген түсініктер мен терминдер пайдаланылады. P071301

3. Осы Ережені қолдану аясы активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау, инвестициялық міндеттемелерді орындау саласындағы қызметтерді мемлекеттік сатып алу болып табылады.

4. Активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау, инвестициялық міндеттемелерді орындау саласындағы қызметтерді мемлекеттік сатып алу екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, ашық конкурс өткізу тәсілімен жүзеге асырылады.

2. Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, ашық конкурс өткізу тәсілімен мемлекеттік сатып алу

5. Активтерді басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу, жекешелендіру объектілерінің құнын және олардың қаржылық жай-күйін бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу, инвестициялық міндеттемелерді орындау екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, ашық конкурс тәсілімен жүргізіледі және мынадай кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) конкурстық құжаттаманың негізінде ықтимал берушілерден сатып алынатын қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамаларына, оларды жеткізудің шарттық талаптарына (орындау, көмек көрсету) қатысты ұсыныстарды сұрау; конкурстық құжаттамаға сәйкес бағаларын көрсетпей ықтимал берушілер ұсынған бастапқы конкурстық өтінімдерді қарау; ықтимал берушілердің біліктілік деректерін қарау; қажет болған кезде біліктілік

талаптарына сәйкес келетін ықтимал берушілермен қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамаларына, оларды көрсетудің шарттық талаптарына қатысты мәселелерді талқылау, конкурстық құжаттамада белгіленген өлшемдердің негізінде конкурстық өтінімдерді салыстыру және бағалау ;

2) конкурстық құжаттамаға Конкурсты ұйымдастырушының ықтимал берушілер ұсынған қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамаларының негізінде өзгерістер енгізу; конкурстың алғашқы кезеңінен өткен ықтимал берушілердің түпкілікті конкурстық өтінімдерді ұсынуы; бағалық ұсыныстар және бағалау өлшемдерін ескере отырып оларды бағалау және салыстыру; конкурс қорытындысын шығару.

6. Сатып алынатын қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды лоттар бойынша бөлшектеп (лотты егжей-тегжейлі нақтылаудың мүмкін еместігі, объектілердің көптігі және біртекті еместігі, объектілердің аздығы, бір мезгілде бірнеше объектілер бойынша жұмыстарды жүргізудің қажеттілігі) әрбір лот бойынша біреуден астам жеңімпазды анықтауға рұқсат етіледі.

7. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсты ұйымдастырады және өткізеді.

8. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау аяқталатын күнге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей конкурстың өткізілетіні туралы мерзімді баспасөзде мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру (хабарлама) жариялайды.

9. Конкурсқа консалтингтік қызметтер көрсетумен айналысатын, консалтингтік қызметтер көрсетуге кепілдік беретін және Заңның 8-бабының 1-тармағында айтылған біліктілік талаптарына сәйкес келетін ықтимал берушілер жіберіледі. Z070303

10. Ықтимал беруші мен оның аффилиирленген тұлғасының бір конкурсқа (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

11. Сатып алынатын қызметтердің рыногында жұмыс тәжірибесіне ие болу қажеттілігі туралы талаптар, оларды қолдау Заңның 27-бабына сәйкес жүзеге асырылатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

12. Ықтимал беруші біліктілік талаптары бойынша оларға дәйексіз ақпарат ұсынған жағдайда осы факті анықталған сәттен бастап бір жылдың ішінде мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға жіберілмейді.

13. Конкурстық өтінімдерді ашқан кезде конкурс комиссиясының отырыстарына ықтимал берушінің ресми өкілі қатыса алады. Ықтимал беруші өкілінің өкілеттілігі сенімхат түрінде жазбаша расталуы тиіс, ол конкурстық өтінімге қоса беріледі немесе осы өкіл конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашар алдында береді.

14. Ықтимал беруші өзінің конкурстық өтінімін дайындауға және беруге байланысты барлық шығыстарды көтереді, ал Конкурсты ұйымдастырушы және конкурстық комиссия конкурс нәтижелеріне қарамастан осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттеме алмайды.

15. Конкурстың ұйымдастырушысы барлық ықтимал берушілерге мынадай ақпаратты қамтитын конкурстық құжаттаманы береді:

1) оның ұсынылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растауға ықтимал беруші беруі тиіс құжаттарға қойылатын талаптар;

2) көрсетілетін қызметтердің мөлшері және/немесе көлемі;

3) қызметтер көрсету орны;

4) қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

5) мемлекеттік сатып алу туралы төлем шарты және үлгі шарты ;

6) конкурстық өтінімнің бағасы көрсетілуге тиісті валютаны немесе валюталарды және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында конкурстық өтінімнің бағаларын бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам;

7) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес конкурстық өтінімдерді жасау мен табыс етудің тіліне қойылатын талаптар;

8) конкурстық өтінімді енгізу шарты, мазмұны мен қамтамасыз ету нысаны;

9) ықтимал берушінің конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына тиісті нұсқау ;

10) конкурстық өтінімдер беру тәсілі, орны мен соңғы мерзімі (бірақ жұмыс күнінің жергілікті уақытының он бес сағатынан кешіктірмей) және олардың әрекет ету мерзімі ;

11) конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша ықтимал берушілердің солардың көмегімен түсіндірме сұрата алатын тәсілдері және ашық нысанда хаттама жасала отырып Конкурсты ұйымдастырушының сол кезеңде ықтимал берушілермен хаттама жасала отырып ашық нысанда өткізілетін кездесу өткізу ниеті туралы хабарламасы ;

12) конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын орын, күн және уақыт (бірақ конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткен сәттен бастап екі сағаттан кешіктірмей) ;

13) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу және конкурстық өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдер;

14) конкурсты өткізу кезінде оны білдіруге уәкілетті Конкурс ұйымдастырушының лауазымды адамдары туралы мәліметтер;

15) бағадан басқа олардың негізінде жеңіп шыққан конкурстық өтінім анықталатын барлық өлшемдерді, оның ішінде осындай әрбір өлшемдердің салыстырмалы мәнін сипаттау, бағалау тәсілін сипаттау және конкурстық

16) тиісті бағалау тәсілін көрсету және сипаттау, егер қызметтердің баламалы сипаттамаларына рұқсат етілсе, баламалы конкурстық өтінімдерді салыстыру, шарттың талаптары немесе конкурстық құжаттамада жазылған басқа да талаптар;

17) конкурстық өтінімнің шартты бағасын есептеу әдістемесі;

18) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу сәтінде тікелей сатып алынатын тауарлардың, орындалатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бағасы көрсетілетін ықтимал берушінің конкурстық өтінімнің бөлігін беру құқығына тиісті нұсқауы.

16. Конкурстық құжаттама тегін беріледі.

17. Бастапқы бекітілген конкурстық құжаттама, сондай-ақ конкурстың екінші кезеңінде оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бірыңғай конкурстық құжаттаманы құрайды.

1 8 . Е г е р :

1) олар шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылса және егер тұтастай алғанда конкурс бойынша олар ұсынған қызметтердің көлемі құндық түрде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана;

2) олар Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі құрған қызмет көрсететін ұйымдар болып табылса және егер тұтастай алғанда конкурс бойынша олар ұсынған қызметтердің көлемі құндық түрде айлық есептік көрсеткіштің он сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана ықтимал берушілер конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

19. Тиісті қызметтердің мемлекеттік сатып алуын жүзеге асыру үшін тапсырысшы конкурстық комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады. Конкурстық комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және конкурстық комиссияның мүшелері кіреді. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде бес адам болуы тиіс. Комиссияның хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауысқа ие болуға құқығы жоқ.

20. Комиссияның дербес құрамы тапсырысшының бірінші басшысының немесе оның орнындағы тұлғаның шешімімен бекітіледі.

21. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде өткізіледі. Шешім, егер оған қатысқан Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, ашық дауыспен қабылданады және қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссияның отырысында қабылданған шешім тиісті хаттамамен ресімделеді

және оған отырысқа қатысқан Комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Комиссияның төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

22. Өз штатында тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерін өтеусіз негізде, ал бейіні сатып алынатын қызметтерге сәйкес келетін өзге де мамандарды тараптардың уағдаластықтары бойынша ақылы да, өтеусіз де негізде техникалық сарапшылар ретінде жұмысқа тарта алады.

Қажет болған кезде Конкурсты ұйымдастырушы техникалық сарапшылардан тұратын сараптама комиссиясын құра алады.

Техникалық сарапшылар ретінде ақылы негізде тартылатын тұлғаларды таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Техникалық сарапшылар (сараптама комиссиясы) ықтимал берушілер ұсынған қызметтердің конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды береді және олардың комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Техникалық сарапшылардың (сарапшылар комиссиясының) қорытындысы, тек егер ол конкурстық құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған жағдайда, конкурсқа конкурстық бірінші кезеңінде ұсынылған конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру және конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпазын анықтаған кезде ескеріледі. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған техникалық сарапшылар (сараптама комиссиясының мүшелері) қол қояды және Комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

24. Ықтимал берушілердің бастапқы конкурстық өтінімдерінің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күнінен бастап кемінде 45 күнтізбелік күн, ал түпкілікті конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімі - түпкілікті конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күнінен бастап кемінде 45 күнтізбелік күн деп белгіленуге тиіс.

Қолданылу мерзімі неғұрлым қысқа конкурстық өтінім қабылданбайды.

25. Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімді ықтимал беруші конкурстық құжаттамаға сәйкес ресімдейді және Комиссия бағалауды жүргізу үшін қажетті және жеткілікті ақпарат пен құжаттарды қамтуға тиіс.

26. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген, заңды тұлға болып табылатын ықтимал беруші дайындайтын және ұсынатын бастапқы конкурстық өтінім мынадай құжаттарды қамтуы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген нысан бойынша толтырылған конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) ықтимал берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын

қ ұ ж а т т а р д ы ң

т і з б е с і :

ықтимал берушінің қызметтер ұсынуға арналған құқығын растайтын лицензияларының және/немесе патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының, дипломдарының, басқа да құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

егер сатып алынатын қызметтер лицензияланбайтын болған жағдайда, онда ықтимал беруші орындайтын қызмет түрлерінің тізбесімен бірге заңды тұлға жарғысы үзіндісінің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне аудармасымен, нотариалды куәландырылған сауда тізілімінен алынған заңдастырылған үзіндіні (Қазақстан Республикасының резиденті еместер үшін). Егер заңды тұлға қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгі жарғының негізінде жүзеге асырған жағдайда, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

ықтимал берушінің конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы үш айдан астам уақыт ішінде банктің (банктердің) алдында мерзімі өткен берешегінің болмауы туралы бірінші басшының немесе оның орнындағы тұлғаның қолы қойылып, банктің (банктердің) мөрі басылған банк (банктер) анықтамасының түпнұсқасы (егер ықтимал беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің әрбірінен ұсынылады);

бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған соңғы қаржы жылы ішіндегі бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде өткізілген жағдайда, онда соңғы қаржы жылы алдындағы қаржы жылы үшін бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылады;

бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі , е г е р :

заңды тұлға ағымдағы қаржы жылында құрылған;

заңды тұлға өткен қаржы жылы құрылған және конверттерді ашу ағымдағы жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде өткізілген жағдайларда ұсынылмауы мүмкін;

Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде өткізілген жағдайда, онда соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылы үшін аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі ұ с ы н ы л а д ы ;

аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған

к ө ш і р м е с і ,

е г е р :

заңды тұлға ағымдағы қаржы жылы құрылған;
заңды тұлға өткен қаржы жылы құрылған және конверттерді ашу ағымдағы жылы 1 маусымға дейінгі мерзімде өткізілген жағдайларда ұсынылмауы мүмкін;

уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша қызметтер көрсету үшін біліктілігі, мамандығы бойынша жұмыс стажы көрсетіле отырып, қызметкерлердің болуы мен саны туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ ықтимал беруші қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттардың көшірмесі;

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметті қамтитын жарғыдан немесе құрылтай құжаттарынан алынған нотариалды куәландырылған үзінді не конверттерді ашу күнінің алдында 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген акция ұстаушылардың тізілімінен алынған нотариалды куәландырылған ү з і н д і ;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдында үш айдан астам уақыт бұрын салық берешегінің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектің жоқтығы немесе болуы туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылған тиісті салық органының белгіленген нысандағы а н ы қ т а м а с ы н ы ң тү п н ұ с қ а с ы .

Егер ықтимал беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, онда осы резидент еместің салық есебінде тұрмайтындығы туралы Қазақстан Республикасы салық органы анықтамасының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

3) техникалық ерекшеліктер (ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, нобайларды және халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға арналған сілтемелерді, бірыңғай нормалар мен ережелерді қоса алғанда, ұсынылатын қызметтерге техникалық сипаттама);

4) ұсынылатын ілеспе қызметтер;

5) конкурстық құжаттамаға сәйкес ұсынылуы үшін қажетті басқа да құжаттар.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613
Қаулысымен.

27. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал беруші - жеке тұлғаның бастапқы конкурстық өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген нысан бойынша толтырылған конкурсқа қатысуға арналған өтінім және жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыруға қабылдау туралы ішкі істер органдарының анықтамалары;

2) іс-әрекетке қабілетті болып табылатын ықтимал беруші - жеке тұлғаға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі:

нотариалды куәландырылған лицензиялар және/немесе патенттер, куәліктер, дипломдар, сертификаттар, ықтимал берушінің қызметтерді ұсынуға арналған құқығын растайтын басқа да құжаттар (кәсіби біліктілігінің бар екендігін растау үшін);

заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқықтық қабілеттіліктің болуын растау үшін);

уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша қызметтер көрсету үшін біліктілігі, мамандығы бойынша жұмыс стажы көрсетіле отырып, қызметкерлердің болуы мен саны туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) техникалық ерекшеліктер (ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, нобайларды және халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді, бірыңғай нормалар мен ережелерді қоса алғанда, ұсынылатын қызметтерге техникалық сипаттама);

4) ұсынылатын ілеспе қызметтер.

28. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген тілде жасалуы және ұсынылуы тиіс.

29. Конкурстың бірінші кезеңінде ықтимал берушінің Заңның 8-бабының 1-тармағында санамаланған біліктілік талаптарына сәйкестігі және олардың конкурстық өтінімдерінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі қаралады.

Z 0 7 0 3 0 3

Комиссия бағалау және салыстыру кезінде конкурстық құжаттамада келісілген және барлық конкурстық өтінімдер бойынша конкурстық құжаттамада белгіленген баллдық жүйе бойынша бағалау өлшемдері жиынтық кестесінің негізінде қолданылатын мынадай өлшемдерді ескереді:

- 1) консалтингілік қызметтерге сапалық сипаттамалары;
- 2) ықтимал берушілердің осындай қызметтер рыногындағы жұмыс тәжірибесі ;
- 3) ықтимал берушінің біліктілік деректері, беделі, сенімділігі, кәсіби құзыреті .

30. Комиссия егер :

- 1) ұсынған ықтимал беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;
- 2) егер конкурстық өтінім конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптар мен өлшемдерге жауап бермесе ;
- 3) егер конкурстық өтінім Комиссия белгілеген жеткілікті балл санын жинамаса, конкурстық өтінімді бірінші кезеңде қабылдамайды.

31. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдердің шартты бағасына әсер ететін пайыздардың белгілі бір мәнін сатып алынатын қызметтердің функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамалары бойынша, сондай-ақ неғұрлым жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін қызметтерді бағалаудың басқа да өлшемдері бойынша белгілейді.

32. Қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысушы ықтимал берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде Комиссия осы конкурс нәтижесінде сатып алынатын қызметтерді көрсету рыногындағы жұмыс тәжірибесін ғана қарайды. Бұл ретте Комиссия конкурстық өтінімнің бағасын ықтимал берушінің сатып алынатын қызметтер рыногындағы жұмыс тәжірибесінің болуына қарай бір жылдан бастап әрбір екі жыл үшін бір пайызға шартты түрде азайтады, бірақ ол он пайыздан артық болмайды. Бір жылға дейін жұмыс тәжірибесі болған немесе ол болмаған жағдайда мұндай пайыз белгіленбейді.

33. Ереженің 29-тармағының 1), 2) тармақшаларында санамаланған өлшемдердің конкурстық өтінімнің бағасына жиынтық пайыздық ықпалы 20 пайыздан аспауға тиіс .

Ескерту. 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.13. N 1022 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

34. Конкурстың бірінші кезеңінде Комиссия қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттамаларына және оларды көрсетудің (бағадан басқа) шарттық талаптарына қатысты бастапқы конкурстық өтінімі қабылданған кез келген ықтимал берушімен келіссөздер жүргізе алады.

Конкурстың бірінші кезеңі аяқталысымен Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізеді.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістерде Конкурсты ұйымдастырушы қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттамаларының конкурстық

құжаттарда кез келген бастапқы белгіленген аспектілерін, сондай-ақ конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру және жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау үшін конкурстық құжаттамада кез келген бастапқы белгіленген өлшемдерін алып тастай немесе өзгерте алады, сондай-ақ жаңа сипаттамалар мен өлшемдер қоса алады.

35. Конкурстың екінші кезеңінде техникалық ерекшеліктерге сәйкестік мәселесі қаралады және конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру баға факторы бойынша және конкурстық құжаттамада белгіленген бағалау өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

36. Комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген өлшемдерді ескере отырып айқындалатын неғұрлым төмен жиынтық шартты бағамен жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтайды. Екі немесе бірнеше конкурстық өтінімдердің жиынтық шартты бағалары тең болған жағдайда, қызметтер көрсетудің неғұрлым жақсы шарттарын ұсынатын конкурстық өтінімге басымдық беріледі. Конкурстық өтінімдердің жиынтық шартты бағалары мен қызмет көрсету шарттары тең болған жағдайда, жеңімпаз Комиссия мүшелерінің дауыс беруімен айқындалады.

3. Қорытынды ережелер

37. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамаларының кесімдеріне сәйкес жауаптылықта болады.

38. Осы Ережемен реттелмеген жағдайларда, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастырушы және Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын басшылыққа алады